

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БАЛАНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДАҒЫ ЖОЛДАРЫ

К.С.Әлиева, М.О.Мұсабеков, А.З.Тұрсынбаева
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Н.Назарбаевтың "Қазақстан - 2030" Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" туралы Қазақстан халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру қажет. Сондықтан ұстаз өзінің ғана іс-әрекетінің дұрыс болуына қанағаттанып қоймай, оқушылардың да логикалық ойлауын дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамытуда екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда I-II сынып оқушыларында ойлау әрекеті көбінесе әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Оқу материалдарын талдау бұл түрде көрнекі әсер ету жоспары басым болады. Мұнда балалар нақты заттарға немесе оның дәл баламаларын бейнелеулерге сүйенеді. Ал екінші сатысында ойлауда дамытудың осы өзгерістермен байланысты I-II сыныпта мұғалім балаларға игерілетін мәліметтердің жекелеген элементтері арасындағы болатын байланысты көрсету үшін ерекше тапсырмалар көлемі ұлғая түседі, онда байланыстар немесе ұғымдар арасындағы қатынасты көрсету талап етіледі.

Сондықтан оқу материалдарын олардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады, яғни мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы керек, бұған сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Демек оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін оларды қызықтыратын, ынтасын арттыратын есептерді қарастырған дұрыс. Ондай есептерге зерттеу элементтері бар есептер, яғни ойын есептер, ертегі есептер жатады. Сондай-ақ берілген есепті шығарғанда кеткен қатені табу, есепті бірнеше тәсілмен шығару, өзбетінше есептер құрастыру және т.б. жұмыстарды жатқызуға болады.


Бастауыш мектепте есептер шығару математиканы оқытудың мақсаты, әрі оқыту әдісі ретінде роль атқарады. Ал есеп шығаруға оқушыларды дағдыландыру математиканы оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Ол арқылы оқушылардың математикалық ұғымдары туралы түсініктері қалыптасып, бөлісе түседі, математикалық ойлауы дамиды, білімдерін практикада қолдануға үйренеді, ізденгіштік, еңбек сүйгіштік қасиеттері дамиды, шығармашылық қабілеті артады.

Шынында, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда математика сабақтарындағы есептердің орны ерекше, өйткені ол бойынша орындалатын әрбір жұмыс ой белсенділігін қажет етеді. Ал ол есептерді әртүрлі тәсілмен шешу оқушылардың ойлау белсенділігінің арта түсуіне талап қояды, олардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді.

Бұл жұмыстарды практикада жүзеге асыру үшін оқушыларға берілген кесте сызба арқылы есептер құрастыруға болады.

Алғашқы кездерде мұндай тапсырмаларды тек әзірлігі жақсы оқушылар ғана орындай алады. Бірақ, біртіндеп әрбір сабақ сайын осындай тапсырмаларды орындау нәтижесінде оқушылар өзбетінше есептер құрастырып, оларды әртүрлі тәсілмен шешу жолдарын табады. Мұндай жұмыстар есептердің құрылысы мен шешуінің ерекшеліктерін терең түсінумен қатар оқушылардың шығармашылықпен ойлауға, идеяларының дамуына, сана сезімдерінің артуына, сабақтың өмірмен байланысын нығайта түсуге көмектеседі. Мысалы, "Тараз және Шымкент қалаларынан бір-біріне қарама-қарсы екі жеңіл машина шықты. Екі қаланың ара қашықтығы 280км. Бір жеңіл машина 60 км/сағ, ал екіншісі 80 км/сағ жылдамдықтармен жүрсе, олар неше сағаттан соң кездеседі?"

Бұл қозғалысқа берілген есеп болғандықтан оның мазмұнын сызба арқылы кескіндеген ыңғайлы



Шешуі: $280 : (80+60) = 2(\text{сағ})$.

Енді оқушыларға "Осы есептің берілгенін өзгертіп, өзбетінше есеп құрастырындар" деген тапсырманы беруге болады. Осыдан мынадай есептер құрылады.

1. Есеп жоғарыдағы есептегі берілгендерді пайдаланып, екі машинаның кездескеннен кейін 1,2,3 немесе 4 сағатан кейінгі ара қашықтығын табындар.

Шешуі. Кездескеннен соң 3 сағаттан кейінгі екі машинаның ара қашықтығын табайық.

1-тәсіл. Алғашқыда әрбір машинаның 3 сағатта жүрген жолдары табылады.

$$1) 60 \cdot 3 = 180(\text{км})$$

$$2) 80 \cdot 3 = 240(\text{км})$$

Келесі кезеңде екі машинаның 3 сағатта жүрген жолы анықталады.

$$3) 180 + 240 = 420(\text{км})$$

2-тәсіл. Мұнда алғаш екі машинаның 1 сағатта қанша жол жүргені табылады.

$$1) 60 + 80 = 140(\text{км}).$$

Бұдан соң 3 сағатта жүрген жолы анықталады.

$$2) 140 \cdot 3 = 420(\text{км})$$

2. Есеп "Тараз және Шымкент қалаларынан бір-біріне қарама-қарсы екі жеңіл машина шықты, екі қаланың ара қашықтығы 280 км. Олардың біреуінің жылдамдығы 60 км/сағ олар 2 сағаттан соң кездесті. Екінші жеңіл машинаның жылдамдығы қандай?"

3. Есеп "Тараз және Шымкент қалаларынан бір-біріне қарама-қарсы екі жеңіл машина шықты. Олар 2 сағаттан соң кездесті. Екіншісінің жылдамдығы 80км/сағ болса, бірінші жеңіл машинаның жылдамдығын тап."

4. Есеп "Тараз және Шымкент қалаларынан бір-біріне қарама-қарсы екі жеңіл машина шықты. Біріншісінің жылдамдығы 60км/сағ, ал екіншісінікі 80км/сағ. Олар екі сағаттан соң кездесті. Екі қаланың ара қашықтығын тап?"

Әрине бұл тапсырманы, яғни есепті құрастыруды оқушылардың өздеріне тапсыруға болады. Мұндай жұмыстарды ұйымдастыру оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға септігін тигізеді сөзсіз.

Бастауыш сыныпта тексті есептерді шығаруда оқушылардың ойлау әрекетін дамыту арқылы логикалық дұрыс тұжырымдар жасауға үйрету мақсатында есептерді талдаудың жалпы тәсілдерін қалыптастыру жұмыстарын жүргізу орынды. Ол үшін есепті талдаудың мынадай кезеңдерімен таныстырған жөн:

1. Есептің мәтінін оқып талдау. Оның мақсаты - есепте баяндалған жағдайлармен танысу және оны терең ұғыну, олардың арасындағы байланыстарын анықтау.

2. Есеп мәтінін математикалық тілге көшіру. Бұл кезеңде есептің объектілері үшін шартты белгілері алынып, олардың арасындағы байланыстарға математикалық, сызба түрінде беру, шешу моделін құру.

3. Модельмен жұмыс істеу.

Егер сеп жай есеп болса, құрылған модельмен есепті шығаруға болады, онда үшінші кезеңнің қажеттілігі болмайды. Ал құрама есептерді шығарғанда оны ары қарай

талдау керек болады. Талдау барысында құрылған модель талданады және жетпейтін немесе артық элементтер анықталады, модель жетілдіріледі немесе қайта құрылады, осының нәтижесінде есеп шығару жоспары жасалады. Оқушыларды талдау іскерлігін меңгеру үшін мына тәсілдерді ұсынуға болады.

1) есептегі нақты мысалдарды оның моделімен ауыстыру.

2) есептің объектілерінің арасындағы байланыстарды таңбалар арқылы бейнелеу.

3) дайын сызба модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру.

4) Сызба модель бойынша есепті құру.

Бастауыш сынып оқушыларын текстілі есептер шығаруға үйрету мен оларды талдай білу іскерліктерін меңгеруі, олардың логикалық ой өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді.

Әдебиет

- 1 Елубаев С. Қазақ халқының есептері.-Алматы:Өнер, 1997.
- 2 Елубаев С., Елубаева С. Дидактикалық ұлттық ойындар мен логикалық ойындар.-Алматы, 1995.
- 3 Алиева К.С. 1-сыныпта математикадан дидактикалық ойындар. - Шымкент, 1995.
- 4 Ахметов С. Қуыр, қуыр, қуырмаш. Алматы, 1993.

Резюме

В работе рассмотрены некоторые вопросы развития логического мышления учащихся начальных классов посредством решения текстовых задач.

Summary

Some problems of students' logical thinking development in elementary school by solving of text sums are uncovered in the work.